

әдебиетіне қатысты қолданыстары салыстырмалы түрде талданған. Зерттеу нысаны ретінде қазіргі қазақ әңгімелерін ала отырып, оның мазмұнына басқа да түркі халықтарында, сондай-ақ, ежелгі Грецияда таралған мифтердің қалай енгенін көрсетеді. Зерттеу жұмысының келесі бөлімдерінде ізденуші қазіргі әдебиеттегі мифологиялық образ және мифологиялық сюжет ұғымдарына түсінік береді. Мұнда қазіргі қазақ әңгімелерін негізгі нысан ретінде ала отырып, жекелеген авторлардың образ жасауындағы рух-иелік мифология тудырған көптеген түсініктер, идеялар, сюжеттер мен кейіпкерлердің, яғни мифтік сана мен фольклордан келе жатқан дәстүрлі элементтердің ықпалы мен қызметін айқындайды. Авторлық образдар мен мотивтердің жасырын мифологиясын анықтау, мифологиялық және фольклорлық көріністерді қатаң ажырату, олардың авторлық мәтіндегі өзара әрекеттесу процесін зерттеу, яғни, авторлық миф жасау жолдарының философиялық және психологиялық аспектілеріне баса назар аударылады. Психоаналитикалық, мифтік-фольклорлық-әдеби қатынастарды ашып көрсетуде тарихи-салыстырмалы талдау жасалған.

Диссертация жұмысының үшінші тарауы көркем шығармаларды оқыту, талдау әдістеріне негізделген. Аталған тарауда біріншіден, автордың шығармашылық зертханасына үніліп, олардың мифтік образдар мен сюжеттерді, архетиптер мен мифологемаларды және т.б. мифтік элементтерді қолдану арқылы образ жасаудағы постмодерндік тәсілдері анықталып, талданған. Екіншіден, ізденуші тәжірибелік тұрғыда көркем шығарманы мифопоэтикалық талдаудың өзіндік әдістерін ұсынады. Бұл көркем шығарманы оқытуда жаңа ізденістерге жетелейтіні сөзсіз.

Жалпы, Б.Е.Сыздықованың диссертациясы толық аяқталған жұмыс болып табылады. Диссертацияның аннотациясы мен тақырып төңірегіндегі барлық жарияланымдар жұмыстың мазмұнын толық көрсетеді. Ізденушінің зерттеу жұмысында келтірген тұжырымдары мен ұсынылған әдіс-тәсілдері қазіргі білім саласының дамуына айтарлықтай үлес қосады.

Жоғарыда айтылғандарды ескере келе, Сыздыкова Биби Ергазықызының 8D01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша Философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

Қазан федералды университеті
Филология және мәдениетаралық
коммуникация институты
татар әдебиеті кафедрасының профессоры
филология ғылымдарының докторы



**Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінде
8D01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша
Сыздыкова Биби Ергазықызының Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін тағайындалған «Қазіргі қазақ әңгімелеріндегі
мифопоэтиканың аспектілері» тақырыбындағы диссертациялық
жұмысына**

ПІКІР

Көркем ойлаудың қазіргі кезеңіндегі мифологияны фольклор мен әдебиеттің өзара әрекеттесуі тұрғысынан миф жасаудың заңдылықтарына негізделген біртұтас ғаламдық жүйенің, ғаламдық модельдеудің бөлігі ретінде қарастыру үдерісі дамып келе жатыр. Мифтік шығармашылықтың ішкі мазмұны мен байланысын білдіретін генетикалық аспектілер, мифологиялық көріністер мен әдеби-фольклорлық қатынастар жаһандық зерттеулердің ажырамас элементіне айналды. Әр түрлі дәстүрлердің синтезі және терең құрылымдар мен механизмдердің авторлық мифологияда жандануымен сипатталатын қазіргі әдебиетке тән неомифологизм зерттеушіден генетикалық сабақтастық пен типологиялық сәйкестік мәселелерін синтетикалық тұрғыдан қарастыруды талап етеді. Осыған байланысты мифтік-фольклорлық-әдеби қатынастарды зерттеуде фольклорлық және әдеби аспектілерді ғана емес, сонымен бірге, миф жасау мәселесінің философиялық және психологиялық қырларын анықтау үшін психоаналитикалық зерттеу әдісін қолдануды қажет етеді. Бұл тұрғыда Биби Ергазықызы Сыздыкованың диссертациялық жұмысының тақырыбы өзекті болып табылады.

Диссертация жұмысының кіріспе бөлімінде ізденуші зерттеу тақырыбының өзектілігі мен ғылыми болжамдарына қысқаша тоқтала келіп, негізгі мақсаттары мен міндеттерін, зерттеу нысаны мен жоспарын нақты айқындаған. Соның нәтижесінде келесі бөлімдерінде бірізділік байқалады. Бірінші тарауының басым көпшілігі теориялық сипатта берілген. Ізденуші «миф», «мифопоэтика», «мифологизм», «мифологиялық ойлау» және т.б. осы сияқты жұмыс үшін маңызы бар ұғымдарға теориялық тұрғыдан анықтама береді. Мифтің түрлі кезеңдердегі қарастырылған психоаналитикалық, феноменологиялық, структуралистік, ғылыми және т.б. бағыттары туралы сипаттама бере отырып, әлеуметтік шындықтың барлық компоненттерін қамтитын заманауи көзқарасқа баса назар аударады. Мифтің фольклормен байланысы, оның көне дәуірден бергі негізгі сипаттамалары көрсетіліп, қазіргі неомифтермен, оның әдебиетке ену сатысы, соның ішінде қазақ